

стеме. Единство и противоречия двух секторов, накопление количественных параметров одного из секторов, приводящее к изменению качества другого, - демонстрируют их диалектическую взаимосвязь.

Финансовая безопасность обеспечивается предупреждающими государственными мерами на основе использования разработанных индикаторов финансовой безопасности, позволяющих спрогнозировать кризисные процессы в экономике, которые помогут Казахстану заранее предвидеть угрозы и обезопасить себя от возможных рисков.

#### **Литература:**

1. Послание Президента РК «Конструктивный общественный диалог – основа стабильности и процветания Казахстана», 02.09.2019 <https://primeminister.kz/ru/address/02092019>
2. World Bank Group. Key terms explained. <https://www.worldbank.org/en/publication/gfdr/gfdr-2016/background/financial-stability>
3. Garry J. Schinasi. Defining Financial Stability// IMF Working Paper 04/187.-2004
4. European Central Bank. Financial Stability. <https://www.ecb.europa.eu/pub/financial-stability/html/index.en.html>
5. Спанов М.У. Экономическая безопасность: опыт системного анализа. Алматы: Қазақстан даму институты, 1999.-206 с.
6. Елизарова В.В. Место и роль финансовой безопасности в системе обеспечения экономической безопасности России. Статистика и Экономика. 2015;(2):45-48. <https://doi.org/10.21686/2500-3925-2015-2-45-48>
7. Коробов В.В. Финансовая безопасность в системе государственного финансового контроля // Финансы и кредит. 2009. №47 (383).
8. Маляренко О.И. Финансовая безопасность Казахстана: современное состояние, угрозы и пути обеспечения // Проблемы управления в социально-экономических системах: теория, методология, практика: монография – Чебоксары: ИД «Среда», 2019. – С. 91-106.

**УДК 336.1.07**

### **ЕСЕП КОМИТЕТІНІҢ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ОРГАНДАРЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУЫНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

***Мухамедгалиев Д.К.***

магистрант, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы  
E-mail: [dmukhamedgaliyev@mail.ru](mailto:dmukhamedgaliyev@mail.ru)

***Алибекова Б.А.***

профессор, э.ғ.к., Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы  
E-mail: [alibekova\\_ba@enu.kz](mailto:alibekova_ba@enu.kz)

**Аңдатпа.** Мақалада Қазақстан Республикасының жоғары мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органы болып табылатын Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті атқаратын қызметтердің

бірі – мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары қызметінің тиімділігін бағалау мәселесі қозғалды. Осы қызметті реттеу мақсатында арнайы қабылданған рәсімдік стандарттың аясында соңғы үш жылда атқарылған жұмыс бойынша нақты түрде жинақталған сандық және сапалық көрсеткіштер жан-жақты талданды. Аталған қызмет кеңінен қарастырып зерттеудің нәтижесінде Есеп комитеті атқарып отырған аса қажетті бағалау қызметінің маңыздылығы аталып өтті.

**Түйінді сөздер:** мемлекеттік аудит, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары, республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті, тексеру комиссиялары, ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті орган, ішкі аудит қызметтері.

**Зерттеу әдіснамасы:** Есеп комитеті бағалау қызметінің нәтижелеріне компаративті талдау, анализ және синтез, индукция және дедукция, теориялық жалпылау және экономика-статистикалық әдістер, сондай-ақ жалпы ғылыми және арнайы тәсілдер

**Зеттеудің мақсаты** – Есеп комитеті атқаратын мемлекеттік аудит органдары қызметінің тиімділігін бағалау жұмысына талдау жүргізу арқылы жоғары аудит органының осы қызметінің маңыздылығын ашып көрсету.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауы негізінде жарияланған «100 нақты қадам» бағдарламасының 93-қадамында «әлемнің алдыңғы қатарлы мемлекеттерінің тәжірибелері негізінде мемлекеттік аудиттің озық әрі толыққанды жүйесін құру» қажеттігін, сондай-ақ «Есеп комитеті бірінші сыныпты әлемдік аудиторлық компаниялардың модельдері бойынша жұмыс істейтін болатындығын» атап өтіп, оны жүзеге асыру мақсатында заңнамалық негіздемені дайындау бағытында Парламенттің және толыққанды орындау бойынша Үкіметтің алдына нақты міндеттер қойды. Осы ретте атқарылатын жұмыстардың бастауы ретінде Елбасы Жарлығымен Қазақстан Республикасында мемлекеттік аудитті енгізу тұжырымдамасы [1] жарық көрді.

Осыдан бес жыл бұрын «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) [2] қабылдануына байланысты тиісті түрде қызмет етуге аса қажетті негізгі нормативтік негіздемеге қол жеткізген мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау (бұдан әрі – мемлекеттік аудит) жүйесі қазіргі кезде мемлекеттік биліктің иерархиясында өзіндік орынға ие болды.

Мемлекеттік билік жүйесінің атқарушы тармағында тікелей Мемлекет Басшысына есеп беретін алдыңғы қатарлы мемлекеттік органдар бар. Бұлардың легіне Жоғарғы Сот, Бас Прокуратура, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі, Ұлттық Банк жатады және олар өз салаларының жоғары институттары болып табылады.

Осы ретте қазіргі таңда мемлекеттік аудит жүйесінің тиісінше қызмет етуіне жауапты әрі тікелей Президентке есеп беретін мемлекеттік аудиттің жоғары органы болып Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті (бұдан әрі – Есеп комитеті) [2] табылады.

Мемлекеттік аудит жүйесінің орнығуына байланысты оны нормативтік тараптан сүйемелдеуші әрі бірінші деңгейлі реттеуші құжат болып табылатын аталмыш Заңның және осы салаға қатысты өзге отандық заңнаманың негізінде берілген құқықтарға және міндеттерге сай қызмет етіп келе жатқан еліміздің жоғары мемлекеттік аудит органы болып табылатын Есеп комитеті құзыреттілігінің жаңа бағыты ретінде мемлекеттік аудит органдары қызметінің тиімділігін бағалау енгізілді [2].

Мемлекеттік аудитті реттеу жүйесінің екінші деңгейі – мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың стандарттары. Отандық стандарттар жүйесіне мемлекеттік аудитті және қаржылық бақылауды жүргізудің объективтілігін, тиімділігін және дәйектілігін қамтамасыз ету мақсатында әзірленген, барлық мемлекеттік аудит органдарына ортақ әрі міндетті болып табылатын негіз қалаушы талаптарды қамтитын жалпы және мемлекеттік аудит органдарының қызметіне қойылатын талаптар, мемлекеттік аудитті жүргізу тетіктері жинақталған рәсімдік [3] стандарттар кіреді.

Осы уақытқа дейін қабылданған мемлекеттік аудиттің рәсімдік стандарттарының қатарында Есеп комитеті әзірлейтін және бекітетін сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандарттары өзіне ерекше назар аудартады.

Солардың қатарында Есеп комитетімен 1001 «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының қызметіне бағалау жүргізу бойынша» сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандарты (бұдан әрі – Стандарт) әзірленді әрі сыртқы мемлекеттік аудиттің рәсімдік стандарттары сыныптамасының «Сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының өзара іс-қимылы» бөлімінде орын тапты (1-кесте) [4].

1-кесте - Сыртқы мемлекеттік аудиттің рәсімдік стандарттарының сыныптамасы

| Рәсімдік стандарттың коды  | Сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандарттарының жүйесі | Қабылданған рәсімдік стандарттың коды мен атауы  |
|--|--|--|
| 1  | 2  | 3  |
| 6-бөлім. Сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының өзара іс-қимылы |  |  |
| 1000-1099  | Сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының өзара іс-қимылы          | 1001. Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының қызметіне бағалау жүргізу бойынша сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандарты |
| <i>Ескертпе- дереккөздер негізінде автормен құрастырылды [3;4]</i>                   |  |  |

Жоғарыда көрсетілгендей, Есеп комитеті мемлекеттік аудит органдары қызметінің тиімділігін бағалауды іске асыру мақсатында аталған стандартты қолдана отырып, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың тексеру комиссияларының (бұдан әрі – ТК) және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің (бұдан әрі – ІМАК) мемлекеттік аудит объектілері тізбесін орындауы, мемлекеттік аудитті жүргізуі, мемлекеттік аудит стандарттарын сақтауы, қызметкерлерінің жауаптылығы, үйлестіру кенесі шешімдерін орындауы, сондай-ақ ІМАК-нің камералдық бақылауды жүргізуі және өзге де бағыттар бойынша бағалауды іске асырады. Сондай-ақ, ІМАК, өз кезегінде, орталық мемлекеттік (бұдан әрі – ОМО) және жергілікті атқарушы (бұдан әрі – ЖАО) органдардың ішкі аудит қызметтері (бұдан әрі – ІАҚ) атқаратын жұмыстың тиімділігін бағалайды.

Стандарт бойынша Есеп комитетінің Сапа бақылауы, әдіснама және аудит бөлімі мемлекеттік аудит органдарының қызметін бағалауды белгіленген оң және теріс көрсеткіштерге сәйкес жүргізеді. Көтермеленетін балдар қосылатын және төмендететін балдар алынатын бағалаудың базалық деңгейі 60 балл болып табылады. Мемлекеттік аудит органының қызметі 100 және одан жоғары балмен бағаланса – тиімді, 61 және 99 балл аралығында бағаланса – қанағаттанарлық, ал 60 балдан кем бағаланса – тиімсіз болып саналады (2-кесте) [4;5].

2-кесте -Есеп комитетімен 2017-2019 жылдар бойынша ТК-ның, ІМАК-нің және ОМО және ЖАО ІАҚ-нің жұмысын бағалаудың нәтижелері

| №<br>р/с  | Мемлекеттік<br>аудит<br>органы | 2017 ж. |                              | 2018 ж. |         | 2019 ж. |         | Ауытқу (+;-)  |               |
|---|--------------------------------|---------|------------------------------|---------|---------|---------|---------|---------------|---------------|
|   |                                | балл    | бағалау                      | балл    | бағалау | балл    | бағалау | 2017/<br>2018 | 2018/<br>2019 |
| 1   | 2                              | 3       | 4                            | 5       | 6       | 7       | 8       | 9             | 10            |
| Облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың тексеру комиссиялары |                                |         |                              |         |         |         |         |               |               |
| 1   | СҚО                            | 89      | тиімді                       | 102,5   | тиімді  | 120     | тиімді  | +13,5↑        | +17,5↑        |
| 2   | Қарағанды<br>облысы            | 103,5   | тиімді                       | 109,5   | тиімді  | 116,5   | тиімді  | +6,0↑         | +7,0↑         |
| 3   | БҚО                            | 99      | тиімді                       | 106     | тиімді  | 115     | тиімді  | +7,0↑         | +9,0↑         |
| 4   | Нұр-<br>Сұлтан<br>қаласы       | 96,5    | тиімді                       | 99,5    | тиімді  | 108,5   | тиімді  | +3,0↑         | +9,0↑         |
| 5   | Ақмола<br>облысы               | 79,5    | қанағат<br>-<br>танарл<br>ық | 92,5    | тиімді  | 108     | тиімді  | +13,0↑        | +15,5↑        |
| 6   | ШҚО                            | 88      | тиімді                       | 103,5   | тиімді  | 106,5   | тиімді  | +15,5↑        | +3,0↑         |
| 7   | Алматы<br>облысы               | 85      | тиімді                       | 92      | тиімді  | 106     | тиімді  | +7,0↑         | +14,0↑        |
| 8   | Қостанай<br>облысы             | 92      | тиімді                       | 99,5    | тиімді  | 106     | тиімді  | +7,55↑        | +6,5↑         |

|   |                      |      |                    |       |        |       |        |        |        |
|---|----------------------|------|--------------------|-------|--------|-------|--------|--------|--------|
| 9   | Ақтөбе облысы        | 89   | тиімді             | 97,5  | тиімді | 103   | тиімді | +8,5↑  | +5,5↑  |
| 10  | Алматы қаласы        | 71,5 | қанағат - танарлық | 94,5  | тиімді | 103   | тиімді | +23,0↑ | +8,5↑  |
| 11  | Атырау облысы        | 79   | қанағат - танарлық | 99,5  | тиімді | 103   | тиімді | +20,5↑ | +3,5↑  |
| 12  | Павлодар облысы      | 102  | тиімді             | 96,5  | тиімді | 101,5 | тиімді | -5,5↓  | +5,0↑  |
| 13  | Жамбыл облысы        | 65,5 | тиімсіз            | 101   | тиімді | 101   | тиімді | +35,5↑ | 0      |
| 14  | Түркістан облысы     | 88,5 | тиімді             | 95    | тиімді | 100,5 | тиімді | +6,5↑  | +5,5↑  |
| 15  | Қызылорда облысы     | 92   | тиімді             | 95,5  | тиімді | 99    | тиімді | +3,5↑  | +3,5↑  |
| 16  | Маңғыстау облысы     | 97,5 | тиімді             | 92,5  | тиімді | 96,5  | тиімді | -5,0↓  | +4,0↑  |
| Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті |                      |      |                    |       |        |       |        |        |        |
| 17  | ҚР ҚМ ІМАК           | 77   | қанағат - танарлық | 82    | тиімді | 103   | тиімді | +5,0↑  | +21,0↑ |
| Орталық мемлекеттік органдардың ішкі аудит қызметтері                       |                      |      |                    |       |        |       |        |        |        |
| 18  | ДСМ                  | -    | -                  | 127,5 | тиімді | 108,5 | тиімді | -      | -19,0↓ |
| 19  | МҚІА                 | -    | -                  | 109   | тиімді | 107   | тиімді | -      | -2,0↓  |
| 20  | Жоғарғы Сот          | -    | -                  | 101   | тиімді | 106   | тиімді | -      | +5,0↑  |
| 21  | АШМ                  | -    | -                  | 102,5 | тиімді | 106   | тиімді | -      | +3,5↑  |
| 22  | ӘМ                   | -    | -                  | 97,5  | тиімді | 103,5 | тиімді | -      | +6,0↑  |
| 23  | ПІБ                  | -    | -                  | 101,5 | тиімді | 103   | тиімді | -      | +1,5↑  |
| 24  | ЦДИАӨМ               | -    | -                  | 95,5  | тиімді | 103   | тиімді | -      | +7,5↑  |
| 25  | АҚДМ                 | -    | -                  | 97,5  | тиімді | 100,5 | тиімді | -      | +3,0↑  |
| 26  | ҰЭМ                  | -    | -                  | 93,5  | тиімді | 100   | тиімді | -      | +6,5↑  |
| 27  | МСМ                  | -    | -                  | 99    | тиімді | 99,5  | тиімді | -      | +0,5↑  |
| 28  | Қаржы министрлігі    | -    | -                  | 91    | тиімді | 96,5  | тиімді | -      | +5,5↑  |
| 29  | БҒМ                  | -    | -                  | 94    | тиімді | 96    | тиімді | -      | +2,0↑  |
| 30  | ІІМ                  | -    | -                  | 89,5  | тиімді | 95,5  | тиімді | -      | +6,0↑  |
| 31  | БП                   | -    | -                  | 91    | тиімді | 95    | тиімді | -      | +4,0↑  |
| 32  | СІМ                  | -    | -                  | 93,5  | тиімді | 94,5  | тиімді | -      | +1,0↑  |
| 33  | ЭМ                   | -    | -                  | 102   | тиімді | 94,5  | тиімді | -      | -7,5↓  |
| 34  | ЕХӘҚМ                | -    | -                  | 96,5  | тиімді | 94,5  | тиімді | -      | -2,0↓  |
| 35  | ИИДМ                 | -    | -                  | 97    | тиімді | 94    | тиімді | -      | -3,0↓  |
| 36  | Қорғаныс министрлігі | -    | -                  | 87,5  | тиімді | 92    | тиімді | -      | +4,5↑  |

| Жергілікті атқарушы органдардың ішкі аудит қызметтері   |                   |   |   |       |                 |       |                 |   |        |
|---|-------------------|---|---|-------|-----------------|-------|-----------------|---|--------|
| 37  | СҚО               | – | – | 91    | тиімді          | 101   | тиімді          | – | +10,0↑ |
| 38  | ШҚО               | – | – | 97    | тиімді          | 100,5 | тиімді          | – | +3,5↑  |
| 39  | Ақтөбе облысы     | – | – | 88,5  | тиімді          | 100   | тиімді          | – | +11,5↑ |
| 40  | Жамбыл облысы     | – | – | 101   | тиімді          | 99,5  | тиімді          | – | –1,5↓  |
| 41  | Қостанай облысы   | – | – | 91,5  | тиімді          | 99    | тиімді          | – | +7,5↑  |
| 42  | Нұр-Сұлтан қаласы | – | – | 92    | тиімді          | 98,5  | тиімді          | – | +6,5↑  |
| 43  | Павлодар облысы   | – | – | 93    | тиімді          | 96,5  | тиімді          | – | +3,5↑  |
| 44  | Маңғыстау облысы  | – | – | 90,5  | тиімді          | 96    | тиімді          | – | +5,5↑  |
| 45  | Атырау облысы     | – | – | 96,5  | тиімді          | 95,5  | тиімді          | – | –1,0↓  |
| 46  | БҚО               | – | – | 98,5  | тиімді          | 95    | тиімді          | – | –3,5↓  |
| 47  | Қарағанды облысы  | – | – | 95    | тиімді          | 94    | тиімді          | – | –1,0↓  |
| 48  | Алматы қаласы     | – | – | 99    | тиімді          | 93,5  | тиімді          | – | –5,5↓  |
| 49  | Шымкент қаласы    | – | – | –     | –               | 92    | тиімді          | – | –      |
| 50  | Алматы облысы     | – | – | 95    | тиімді          | 89    | тиімді          | – | –6,0↓  |
| 51  | Түркістан облысы  | – | – | 101,5 | тиімді          | 85,5  | тиімді          | – | –16,0↓ |
| 52  | Қызылорда облысы  | – | – | 91    | тиімді          | 79    | қанағаттанарлық | – | –12,0↓ |
| 53  | Ақмола облысы     | – | – | 70,5  | қанағаттанарлық | 67,5  | тиімсіз         | – | –3,0↓  |
| <p>Қысқартулар:<br/> АҚДМ – Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі<br/> АШМ – Ауыл шаруашылығы министрлігі<br/> ӘМ – Әділет министрлігі<br/> БҒМ – Білім және ғылым министрлігі</p> <p>БП – Бас Прокуратура<br/> ДСМ – Денсаулық сақтау министрлігі<br/> ЕХӘҚМ – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі<br/> ИИДМ – Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі<br/> МҚІА – Мемлекеттік қызмет істері агенттігі<br/> МСМ – Мәдениет және спорт министрлігі<br/> ПІБ – Президенттің Іс Басқармасы<br/> СІМ – Сыртқы істер министрлігі<br/> ҰЭМ – Ұлттық экономика министрлігі<br/> ЦДИАӨМ – Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі<br/> ІМ – Ішкі істер министрлігі<br/> ЭМ – Энергетика министрлігі</p> <p><i>Ескертпе- дереккөздер негізінде автормен құрастырылды [5]</i></p> |                   |   |   |       |                 |       |                 |   |        |

Есеп комитеті тарапынан жүзеге асырылатын мемлекеттік аудит органдары қызметінің тиімділігін бағалау жұмысы барысында Стандарттың мақсатына сәйкес мемлекеттік аудит органдары қол жеткізген нәтижелердің деңгейін бағалау, олар атқаратын жұмыстың сапасын және нәтижелілігін арттыру, сондай-ақ оның отандық мемлекеттік аудит заңнамасына сәйкестігін талдау үрдістерін қамти отырып іске асырады.

Бұл ретте, аталған үрдістерді орындай отырып әзірленген жоғарыда көрсетілген кестеден 2017 жылдың қорытындысы бойынша тек Ақмола, Алматы және Атырау облыстары бойынша ТК-ры және ІМАК «қанағаттанарлық», ал Жамбыл облысы бойынша ТК-сы «тиімсіз» (бұл ТК-ның 1 мемлекеттік қызметкері қылмыстық жауаптылыққа тартылды) қызмет атқарып, өзге ТК-ры атқарған қызмет Есеп комитетімен «тиімді» болып бағаланғанын көре аламыз. Ал 2018 және 2019 жылдардағы бағалау нәтижелері еліміздің барлық өңірлерінің ТК-ры «тиімді» қызмет атқарғанын көрсетіп отыр. 2017 жылы келісілу және бекітілу кезеңінде болған бағалау өлшем-шарттары мен рәсімдерін анықтайтын әдістеменің жоқтығы салдарынан аталған жылы ІМАК-мен ОМО және ЖАО ІАҚ атқарған жұмыстың тиімділігіне бағалау жүргізілмеді және аталған іс-шара алғаш рет 2018 жылы «Ішкі аудит қызметтері жұмысының тиімділігін бағалау» ішкі мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандарты жарық көрген уақыттан бастап жүзеге асырыла бастағанын айта кету қажет.

Осылайша, Есеп комитеті аталмыш Стандартты тек 2017 жылдан бастап қолданысқа енгізгеніне қарамастан, бағалау нәтижелерін зерделей келе бұл үдерістің оң нәтиже беріп келе жатқанын байқай аламыз.

Стандарттың маңыздылығы мемлекеттік аудит органдарымен аудит объектілерінің тиісті жылға арналған тізбесін қалыптастыру және орындау, мемлекеттік аудит және камералдық бақылау жүргізу, мемлекеттік аудит стандарттарын сақтау, қызметкерлердің жауаптылығы, мемлекеттік аудит органдарының үйлестіру кеңесі шешімдерін орындау және өзге бағыттардағы қызметтердің қандай деңгейде атқарылып жатқандығы жөнінде бағалау нәтижелерін және тиісті ұсыныстарды қамтитын Қорытынды мен Нұсқаманы табыстау арқылы олардың тиімділігін одан әрі арттырып жетілдіруде жатыр.

#### **Әдебиеттер:**

1. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Қазақстан Республикасында мемлекеттік аудитті енгізу тұжырымдамасын бекіту туралы» 2013 жылғы 3 қыркүйектегі № 634 Жарлығы. – [Электрондық ресурc] <http://www.akorda.kz/upload/%D0%96%20%E2%84%96634.pdf>
2. «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 12 қарашадағы № 392-V Заңы. – [Электрондық ресурc] <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000392>
3. «Сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандарттарын әзірлеу мен бекіту қағидаларын бекіту туралы» Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2015 жылғы 28 қарашадағы № 14-НҚ нормативтік қаулысы. – [Электрондық ресурc] <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500012499>

4. «Сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандарттарын бекіту туралы» Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2016 жылғы 31 наурыздағы № 5-НҚ нормативтік қаулысына өзгеріс енгізу туралы» Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2020 жылғы 17 қыркүйектегі № 7-НҚ нормативтік қаулысы. – [Электрондық ресурс] <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000021247>
5. «Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті» мемлекеттік мекемесінің ресми сайты <http://www.gov.kz/memleket/entities/esep?lang=kk>

УДК 2964

## АНАЛИЗ ГОСУДАРСТВЕННОГО ФИНАНСИРОВАНИЯ СФЕРЫ ОБРАЗОВАНИЯ НА ТЕРРИТОРИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

*Оразбаева Н.А.*

магистрант, Карагандинский университет им. Е.А. Букетова  
г. Караганда, Республика Казахстан  
E-mail: [orazbaeva.nursulu@bk.ru](mailto:orazbaeva.nursulu@bk.ru)

*Научный руководитель к.э.н., доцент Мамбетова С.Ш.*

Карагандинский университет им. Е.А. Букетова  
г. Караганда, Республика Казахстан

**Аннотация.** Основополагающую роль в развитии стабильного и успешного функционирования сферы образования оказывает государственное финансирование. Автором рассмотрена сущность системы финансирования сферы образования и ее принципы. Раскрываются источники государственного финансирования, также выявлена динамика государственных расходов в сфере образования. В статье отражено важное направление по повышению эффективности использования выделяемых государством средств на систему образования. В заключение делается вывод, что повышение качества образования всегда является актуальной задачей для современного социально-экономического развития Казахстана.

**Ключевые слова:** сфера образования, финансирование, государственный бюджет, государственные расходы, источники финансирования.

**Методы исследования.** В целях выявления сущности системы государственного финансирования образования автором были применены методы системно-структурного и статистического анализа данных.

**Цели исследования.** Изучить систему государственного финансирования сферы образования, проанализировать динамику государственных расходов в образовании за период 2018-2021 гг. на территории Республики Казахстан.

**Введение.** Казахстан на современном этапе своего развития претерпел значительные изменения, что также сказывается на сфере образования. Очевидно, что процветание подрастающего поколения связано с созданием необходимых условий для его воспитания и обучения. Среди различных факторов,